



Стоматологиялық науқасты тексеру әдістері



Емделу үшін



Диагноз



Тексеру әдістері

Клиникалық тексерудің мақсаты:

- Ем нәтижелі болу үшін - диагнозды дұрыс қою тікелей байланысты

Тексеру әдістері:

- 1) **негізгі** – 5 классикалық әдістер;
- 2) **қосалқы** – физика, химия, оптика және т.б . мәліметтерде негізделген;
- 3) **арнайы** – функциональды зерттеу, индекстер, сынамалар және т.б.

Негізгі тексеру әдістері:

- Сұрап тексеру;
- Қарап тексеру;
- Сипап тексеру - пальпация;
- Шұқып тексеру - зондирование;
- Қағып тексеру - перкуссия.

Сұрап тексеру:

Науқасты сұрап тексеру – бұл үлкен шеберлік.

- Шағымдарды анықтау;
- Шағымдарды нақтылау (детализация);
- Аурудың басталуын және дамуын анықтау;
- Аурудың ағымын бағалау;
- бұрын жүргізген емнің нәтижесін қарау.

Шағымдарын анықтау:

сұрақтар:

- «қандай шағымдармен келді?»

(жетекші-наводящие) сұрақтар:

- «қалай ауырады»
- «неден ауырады (қанайды), қанша уақыт ауырады?»
- «қашан күшейеді?»
- «ауру сезім шектелген немесе таралған?»
- Науқас өзі айтса да болады, бірақ...

Ауыру сезімінің сипаттамасы:

- себепті;
- өз бетімен;
- тұрақты;
- ұстамалы;
- сыздап;
- жұлқып;
- кесіп;
- түнде;
- шаншып;
- шектелген;
- таралған;
- солқылдап.


Ауру сезімінің ұзақтығы:

- Аз уақыт ауырады, біраз уақыт ауырмайды;
- Ұзақ уақыт ауырады, ауырмайтын аралығы аз;
- Тітіркендіргішті жойғаннан кейін біраз ауырады;
- Тұрақты;
- ыстықтан ауырады;
- салқыннан басылады.

Ауру сезімінің себебі:

- Өз бетімен
- Ыстықтан
- Салқын тағамнан немесе суық ауадан
- Тіске тістегенде
- Тәттіден, қышқылдан
- Басты еңкейткенде
- Тіске тиіп кеткеннен

Ауыру сезімінің себебі???

- тісжегі
 - Пульпит
 - Периодонтит
 - Пародонт аурулары
 - АҚКҚ аурулары
- 
- Невралгия
 - Неврит
 - Гайморит
- Салыстырмалы диагностика ???

Жиі кездесетін шағымдар:

- **Сілекей бөлінуінің бұзылуы:**
гипосаливация, гиперсаливация,
ксеростомия
- **Жағымсыз иіс - ???**
- **Дәмнің бұзылуы:**
Дәм сезімінің төмендеуі, жоқтығы, өзгеруі
(извращение) (көбінесе – ОЖЖ
зақымдану кезінде).

Анамнез жинау

- **Anamnesis** (греч.) – еске аламын.
- Аурудың тарихы – **Anamnesis morbi**.
- Өмірдің тарихы – **Anamnesis vitae**.

Аурудың анамнезі (morbi):

- Қашан ауру басталды (бірінші симптомадарды қашан сезді)?
- Ауру қалай басталды?
- Аурудың басталуы немен байланысты?
- Клиникалық белгілері қалай дамиды?
- Ем жүргізді ма?
- Ем нәтижелі болды ма?

Өмірдің анамнезі (Vitae):

- Туған жері?
- Мекен жайы?
- Өндірісте жұмыс жағдайы?
- Тұрмыстық жағдайы?
- Тамақтандыру ерекшеліктері?
- Бұрын және кәзір қандай аурулармен ауырады (Перенесенные и сопутствующие заболевания)?
- Аллергоанамнез?
- Зиянды әдеттер?

қарап тексеру:

Бет әлпетін сырттан қарау:

- Науқастың жалпы жағдайы (**habitus**);
- Беттің тепе-теңдігін (симметриясын);
- Терінің түсін;
- Бастың шаш бөлігінің жағдайын;
- Еріннің қызыл жиегінің, көздің конъюнктивасының, мұрын қанаттарының жағдайын

ПАЛЬПАЦИЯ

- Лимфа түйіндерін сипап тексеру.

Регионарды лимфа түйіндері:

- Төменгі жақ асты (Поднижнечелюстные)
 - Иек асты (Подподбородочные)
 - Шүйде (Затылочные)
 - Мойын (шейные)
 - Жақ артқы (Позадичелюстные)
 - Ұртты (щечные)
 - Бұғана үстіндегі (Надключичные) және т.б.
- Екі қолдың көмегімен сипап тексереді
(бимануальды)!!!

Лимфа түйіндерін тексеру:

- Үлкею дәрежесі (бұршық, түйе жаңғағы және т.б.);
- Ауру сезімінің бар болуын;
- Консистенциясын (тығызэластикалық, шеміршек тәрізді, ағаш тәрізді (деревянистая) және т.б.);
- Қозғалғыштығы немесе төңеректегі тіндермен байланысы.

Ауыз қуысының кіреберісін қарап тексеру

- Айна, зонд, пинцет көмегімен жүргізіледі.
- Ауыз қуысының кіреберісін, еріннің қызыл жиегін және еріннің кілегей қабығын қарап тексеру.
- Ұрттің кілегей қабығын қарап тексеру.
- Тіс қатарларының ара қатысын анықтау (тістесуін).
- Қызыл иекті қарап тексеру.
- Тіс шөгінділердің бар болуын анықтау (тас, қақ).



нағыз ауыз қуысын қарап тексеру

Кілегей қабығының:

- - түсін;
- - ылғалдылығын;
- - қызарған жерлері бар ма;
- - домбығуы бар ма;
- - бөртпелер бар ма (беткей және терең жаралар, қақтар және т.б.);
- - сілекей бездерінің шығаратын түтіктері.

нағыз ауыз қуысын қарап тексеру

Тіл:


- қозғалғыштығын;
- Тілдің бүртіктерін;
- Қақтар бар ма;
- Бүртіктерінің атрофия немесе гиперплазия ошақтары бар ма;
- Бүйір бетінде тістердің іздері бар ма және т.б.

нағыз ауыз қуысын қарап тексеру

- Ауыз қуысының түбін;
- Жұмсақ және қатты таңдайды;
- Ретромоллярды кеңістікті;
- Тіс қатарын – айна және зонд көмегімен
- Тістердің қозғалғыштық деңгейін (пинцет көмегімен);
- Тісжегі қуыстар бар ма;
- Тіс кіреукесінің түсін (дисколорит);
- Пломбалардың жағдайын (сақталды ма, жақсы жыбысып тур ма).

Тіс қатарын қарап тексеру

- **Жоғарғы жақ** – оңнан солға қарай.
- **Төменгі жақ** – солдан оңға қарай.
- Стоматологиялық айнаны және зондты қолданады.
- Барлық тістерді қарап тексеру керек



Шұқып тексеру - зондирование:

- Зонд көмегімен жүргізіледі.

Анықтауға болады:

- Тісжегі қуыс бар ма және тереңдігін;
- Тісжегі қуысының ауру сезімі бар жерлерін;
- Тісжегі қуыстың тіс қуысымен байланысын (ұлпаның ашылған мүйізшесін);
- Пародонтальды қалталарды және олардың тереңдігін;
- Тіс шөгінділерін (қызыл иек үсті- және қызыл иек асты).

Қағып тексеру - перкуссия

- Айнаның, зондтың, пинцеттің сабымен жүргізіледі
- **1) Вертикальды перкуссия.**
- **2) Горизонтальды перкуссия.**
- Сау тістен бастайды (**салыстырмалы перкуссия**)


Пальпация

- - **сипап тексеру.**
- Ауру сезімін, ісінгенін, домбыққанын, тығыздалғанын, кілегей қабығының қозғалғыштығын, инфильтратын, флюктуацияны (абсцесс пайда болуын) және т.б. анықтау үшін
- Сипап тексергенде сау жерден бастайды, ақырын зақымдалған (қабынған) жерге жақындап

Пальпация



- Екі саусақпен жүргізуге болады. Тістің түбір ұшы маңайын сипап тексеру



- **Алғашқы диагноз**
- **Предварительный диагноз**

Қосалқы әдістер:

- температуралық диагностика;
- электроодонтодиагностика (ЭОД);
- рентгенологиялық зерттеу;
- апекслокация;
- трансиллюминация;
- витальды бояу әдіс.


Температуралық диагностика

- физикалық зерттеу әдістерінің ең біріншісі.
- Қалыпты жағдайда тістер **17 - 55°C** аралығындағы температураға ешқандай жауап бермейді.
- Тісжегі қуысы пайда болса немесе тіс ұлпасы қабынса, адам температурасынан **5-7°C** төмен немесе жоғары ауытқу ыстыққа немесе суыққа ауыру сезімін тудырады.
- **Өлі еттенген ұлпамен тістер температуралық тітіркендіргіштерді сезбейді!!!**

Электродонтодиагностика

- Тіс ұлпасының электр қозғыштығын анықтау
- Арнайы аппарат көмегімен жүргізіледі.
- Сау тістің ұлпасы **2-6 мкА** шамасындағы токқа тітіркеніп ауыру сезім береді.
- Ұлпаның қабынуы кезінде бұл көрсеткіш әртүрлі деңгейге төмендейді (20 мкА–ден бастап 60 мкА –ге дейін)
- ЭОД 60 мкА-ден жоғары болса – сауыт ұлпасы өлі еттенгенн.
- ЭОД 100 мкА-ден асып кетсе – түбір ұлпасы өлі еттенген.

05





Рентгенологиялық зерттеу

- Стоматологиялық клиникада көбінесе қолданады:
- Ауызішілік жақынфокусты түйіскен (контактная) рентгенография;
- ортопантомография.


Рентгенографияның мүмкіндіктері:

- Жасырын (скрытые) тісжегі қуыстарды анықтау;
- Түбір өзектерінің өткізгіштігін анықтау;
- Түбір өзегінің жұмыс ұзындығын анықтау;
- Түбір өзектерінің обтурациялау сапасын бақылау;
- Түбір ұшы маңайындағы тіндерінің жағдайын бағалау;
- Жақтың сүйек тінінің жағдайын бағалау.




Ауызішілік рентген суреттердің түрлері

- 1. Интерпроксимальды (bite-wing) снимок.
- 2. Апикальды.
- 3. Окклюзальный (в прикусе) снимок.



дентальды - ауызішілік рентген (датчик немесе пленка науқастың ауыз қуысының ішіне қойылады)







панорамды – ауыз сыртқы




Компьютерлі рентген визиограф






Визиографта рентген сәулені қабылдайды арнайы датчик, датчиктен мәліметтер компьютерге жіберіледі және мониторда біз рентгенсуретті көреміз.




Витальды бояу әдісі

- Тістің қатты тіндерін бояу әдісі (бояқтар – метилен көгі, Конго қызыл және т.б.).
- Диагностика кезеңінде – деминерализация ошақтарын анықтау үшін.
- Емдеу кезеңінде – **кариес-детектор** – тістің қатты тіндерін егеп-тазалаған кезінде ыдыраған дентинның толық алынғанын тексеру үшін.




Трансиллюминация



- Пломбан
ы көруге
болады

Ультракүлгін сәулемен тексеру



- Металлокерамикалық коронка және композиттен пломбалар

- Салыстырмалы (дифференциальды) диагностика

- Соңғы диагноз
- Окончательный диагноз

Назарларыңызға рахмет!!!

Кері байланыс:

1. Тексеру әдістерінің түрлері қандай?
2. Негізгі тексеру әдістерге не жатады?
3. Сурап тексеруге не кіреді?
4. Анамнез дегеніміз не?
5. Anamnesis vitae деген не?
6. Anamnesis morbi деген не?
7. Зондирование деген не?
8. Қандай аспаптермен зондирование жүргізіледі?
9. Перкуссия деген не?
10. Қалай перкуссия жүргізіледі?
11. Пальпация деген не?
12. Қалай пальпация жүргізіледі?
13. Қандай қосалқы әдістерді білесіңдер?
14. ЭОД деген не?
15. Рентгенография деген не?
16. Трансиллюминация деген не?
17. Витальды бояу деген не?